



ҚБТ (Қашықтықтан білім беру технологиялары) кезінде университетке арналған этикалық нормалар жиынтығы

1. Студенттер мен оқытушыларды онлайн сабақтарға тіркеу тек корпоративтік поштаны көрсете отырып, ресми логин бойынша жүзеге асырылады.
2. Оқытушы мен студенттің сыртқы келбеті корпоративтік стильге сәйкес болуы тиіс.
3. Аватардағы фотосуреттер студенттің жеке басын сәйкестендіруге көмектесу керек, ҚР заңнамасының нормаларын бұзатын суреттерді пайдалануға тыйым салынады.
4. Студенттер үй тапсырмаларын оқытушының тек корпоративтік поштасына жібереді (жеке email адрестерін қолдануға болмайды).
5. Студент пен оқытушы арасындағы байланыс (хат алмасу, сұрақтармен жүгіну, қоңыраулар, бейнеқоңыраулар) тек жұмыс уақытында 08:00-ден 19:00-ге дейін жүзеге асырылады.
6. Студенттердің сабаққа қатысуы әр студенттің аккаунтынан сабақ бейнетрансляциясы бойынша есептеледі.
7. Студенттің сабақ жазбасын жүргізуі және кейіннен ғаламторда таратуы тек алдын-ала сұралған жағдайда оқытушының келісімімен ғана мүмкін болады.
8. Тестілеу кезінде студент веб-камераның көріну аймағынан тысқары кетпеуі тиіс.
9. Оқытушы мен студент емтиханға қатысу үшін қажетті жағдайларды (жарық, шу деңгейінің төмендігі, кедергілердің болмауы) ұсынуға міндетті.
10. Ауызша емтихандарды міндетті түрде онлайн жазу жүзеге асырылады, емтихан комиссиясының құрамында кемінде үш мүше (тақ сан) болуы тиіс.
11. Студентке емтихан кезінде үшінші тұлғалардың көмегін қолдануға және/немесе бөгде тұлғаларға компьютер желісіне кіруге рұқсат беруге тыйым салынады
12. Интернет байланысы бір реттен артық 10 минуттан аса уақытқа үзілген жағдайда студентке емтихан сессиясы кезеңінде қайта бекітілген кестеге сәйкес қорытынды емтиханды қайта тапсыру құқығы беріледі.

13. Субъективті балл қоюдың алдын алу мақсатында комиссияның әрбір мүшесі әр студент / топ бойынша орташа мәнді шығару үшін жеке бағаларды өз түсініктемелерімен қоса комиссияның алдын-ала талқылауынсыз техникалық хатшыға жібереді.
14. Барлық бақылау түрлері бойынша бағалар жеке қойылады, студенттерге бағалар журналын көрсетуге болмайды.
15. Жұмыстың барлық жазбаша түрлері міндетті түрде антиплагиат жүйесі арқылы тексеруден өтуі тиіс.